



Түркістан к.

г. Туркестан

09 июля 2008

№ 1395

**Жауапкершілігі шектеулі
серіктестіктер туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы” Заңына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төмендегі қала әкімдігі жанынан құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің мемлекеттік басқару органы Түркістан қалалық Қаржы бөлімі болып бекітілсін:

- 1) «Ақ ниет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 2) «Түркістан жарық-тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 3) «Иассы-Сауран» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 4) «Түркістан құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 5) «Сәулет және қала құрылысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 6) «Мал дәрігерлік қызмет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 7) «Түркістан-Туркистон газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 8) «Түркістан қонақ үйі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 9) «Түркістан жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;
- 10) «Тұрғын үй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

2. Қала әкімдігінің 20.08.2007 ж. № 5134 қаулысына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің коммуналдық меншігінен 100 пайыз мөлшеріндегі мемлекеттік қатысу үлесі Түркістан қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіне қабылданған «Тұрғын үй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғысына құрылтайшысы «Түркістан қаласының әкімдігі» деп өзгерістер енгізіп, жана редакцияда бекітілсін.

3. «Тұрғын үй» ЖШС-ің директоры (Е.Қалымбетов) серіктестікті әділет органдардан қайта тіркеуден өткізсін.

4. Қалалық Қаржы бөлімі (Б.Ибадуллаев) барлық жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің басшыларымен жеке еңбек шарттарын рәсімдесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Төрежановқа жүктелсін.

Қала әкімі

Б.СЫЗДЫКОВ 003302